

## Аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 406 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 қазанда № 37294 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау  
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект және  
цифрлық, даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Стратегиялық  
жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Су ресурстары және  
ирригация министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2025 жылғы 30 қазандағы  
№ 406 бұйрығымен  
бекітілген

## **Аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.  
05.06.2026 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен**

соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.  
05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру объектісі – субсидия алуға арналған өтінішті тіркеу, сондай-ақ өтінішті субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығын білдіретін агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АӨК СМАЖ);

2) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімінде қамтылған, субсидиялауға арналған ұсыныстар мен өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

3) өтпелі өтініш (бұдан әрі – өтініш) – су пайдаланушының көрсетілетін қызметті алушыларға жеткізген суы үшін субсидиялар алуға арналған электрондық өтініш;

4) су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер – каналдар арқылы су беру, суару үшін су беру бойынша және тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жерүсті су ағынын реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер бөлігінде су пайдаланушының аквашаруашылық саласындағы су тұтынушыға су беруі;

5) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – көрсетілетін қызметті алушылар берген субсидиялауға арналған өтініштер, қаржы институттары туралы мәліметтердің және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтердің жиынтығы;

6) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

7) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, нақты субсидия алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру;

8) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығын иеленетін және оны іске асыратын жеке немесе заңды тұлға;

9) су тұтынушы – су беру бойынша су шаруашылығы ұйымдарының немесе су пайдаланушылардың көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын не ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінен су тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

10) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – электрондық үкіметтің порталы) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған

үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-тарауды 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Субсидиялар аквашаруашылық объектілерін көбейтуге және (немесе) күтіп-ұстауға, өсіруге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, сондай-ақ аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) беріледі.

4. Субсидиялар мынадай аквашаруашылық субъектілеріне және аквашаруашылық дамытуды қамтамасыз ететін субъектілерге берілмейді:

1) қарсы міндеттемелердің орындалмауына жол берген және ақшаны қайтармаған;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2) басшылары, құрылтайшылары (акционерлері) бұрын қарсы міндеттемелердің орындалмауына жол берген және ақшаны қайтармаған аквашаруашылық субъектілерінің, аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъектілердің бұрын басшылары, құрылтайшылары (акционерлері) болып табылған аквашаруашылық субъектілеріне, аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъектілерге берілмейді.

Егер аквашаруашылық субъектісі, аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъект Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қарсы міндеттемелерді тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері қолданылмайды.

"Реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 54-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35951 болып тіркелген) сәйкес су пайдаланушыларға аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің, аквашаруашылық саласындағы су тұтынушыларға каналдар арқылы су беру, суару үшін су беру және жерүсті су ағынын тірек гидротехникалық құрылысжайлардың

көмегімен реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер бөлігінде көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялануы тиіс.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"Аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша қызметтердің құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

5. Көрсетілетін қызметті алушыларға жеткізілген су көлемі су бөлу нүктесінде су берушінің немесе су пайдаланушының есепке алу аспаптарының не бірыңғай өлшемдерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары мен құрылғыларының көрсеткіштері бойынша анықталады.

6. Берілген судың 1 (бір) текше метріне (бұдан әрі – м<sup>3</sup>) бөлінетін субсидиялар мөлшерін көрсетілетін қызметті алушылар үшін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Табиғи монополиялар туралы заң) 15-бабына сәйкес су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган тарифті қалыптастыру тәртібіне сәйкес, тарифтерден пайыздық арақатынаста сараланып, Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген 1 (бір) м<sup>3</sup> берілген суға арналған субсидия мөлшерлеріне сәйкес белгілейді.

Қағидалар шеңберінде субсидиялау кезінде көрсетілетін қызметті алушылар су пайдаланушыға қолданыстағы тариф пен тарифтің субсидияланатын бөлігі арасындағы айырманы төлейді, ал қалған бөлігі су пайдаланушыға субсидия түрінде төленеді. Бұл ретте субсидияларды төлеу жөніндегі барлық шарттар су пайдаланушы мен көрсетілетін қызметті алушылар арасындағы шартта айқындалады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті жылдың 10 қаңтарына дейінгі мерзімде аквашаруашылық саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға бюджет қаражатының көлемін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының, ал ол болмаған жағдайда оның міндеттерін өзара алмастыратын адамның қолы қойылған ілеспе хатпен мақұлдауға ұсынады.

Уәкілетті орган мақұлданған субсидия көлемін тиісті ілеспе хатпен қайтарады не тиісті жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей бюджет қаражатының көлемін пысықтауға жібереді. Бюджет қаражатының көлемін пысықтау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

8. Көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын 1 ақпанға дейінгі мерзімде көрсетілетін қызметті алушылар үшін Табиғи монополиялар туралы заңға сәйкес бекітілген су беруге арналған тарифтерді веб-порталға орналастырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті беруші аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау бойынша жеке айлық қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

Электрондық шот-фактура электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйеден (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) АӨК СМАЖ-ға өтініш бергенге дейін ЭШФ АЖ-да контрагентті растай отырып, "сұрақ-жауап" режимінде сұратылады (сұратылған электрондық шот-фактура субсидияларды алу үшін электрондық шот-фактураны пайдалануды растау кезінде ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады).

## **2-тарау. Аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі**

### **1-параграф. Субсидияларды алу шарттары**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) көрсетілетін қызметті алушылардың электрондық үкіметтің порталы арқылы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға өтініш беруі;

2) өтінішті АӨК СМАЖ-да тіркеу;

3) АӨК СМАЖ-да деректері АӨК СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған көрсетілетін қызметті алушылардың және су пайдаланушылардың жеке шотының болуы;

Веб-порталда жеке шоттың болуы көрсетілетін қызметті алушылардың АӨК СМАЖ-да өтінішті тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда

өтінішті беру талап етілмейді және ол осылай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады;

4) АӨК СМАЖ бен ЭШФ АЖ ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың расталуы (су пайдаланушының тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) көрсетілетін қызметті алушыларда АӨК СМАЖ-дың жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесімен өзара ақпараттық іс-қимыл нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында жер учаскелерінің болуы;

6) аквашаруашылық объектілерін өсіру бойынша жобалық қуаты жылына 25 тоннадан басталғанда (аквашаруашылық субъектілері үшін).

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Субсидиялауға арналған өтініштерді қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының жер учаскесі орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызмет беруші тиісті жылдың 1 мамырынан 30 қарашасына (қоса алғанда) дейінгі кезеңде АӨК СМАЖ арқылы жүзеге асырады.

## **2-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі**

12. Субсидия мөлшері су пайдаланушының су тұтынушыға берген суының 1 (бір) м3-на есептеледі.

Су пайдаланушының су тұтынушыға берген судың 1 (бір) м3 субсидия мөлшері су беру тәсіліне қарамастан, қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі – ҚҚС) тарифтерден пайыздық (бұдан әрі – %) қатынаста сараланған түрде белгіленеді және мыналарды құрайды:

| Тариф                                                                       | Субсидиялау пайызы |
|-----------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| м3-іне 2,0 (екі) теңгеге дейін                                              | 60%                |
| м3-іне 2,01 теңгеден (екі бүтін жүзден бір) 4,0 (төрт) теңгеге дейін        | 65%                |
| м3-іне 4,01 теңгеден (төрт бүтін жүзден бір) 9,0 (тоғыз) теңгеге дейін      | 70%                |
| м3-іне 9,01 теңгеден (тоғыз бүтін жүзден бір) 15,0 (он бес) теңгеге дейін   | 75%                |
| м3-іне 15,01 теңгеден (он бес бүтін жүзден бір) 20,0 (жиырма) теңгеге дейін | 80%                |
| м3-іне 2,0 (екі) теңгеге дейін                                              | 85%                |

13. Берілген судың 1 (бір) м3 арналған субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = T * \% \text{ тарифтердің бекітілген мөлшеріне сәйкес,}$$

мұндағы:

S – берілген судың м3 арналған субсидия мөлшері, теңге;

T – м3-ге бекітілген тариф (ҚҚС-сыз), теңге.

### **3-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі**

14. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға ай сайынғы өтінімдерді қабылдау кезеңі туралы хабарландыруды орналастырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Веб-портал арқылы тізілім деректеріне қол жеткізу үшін көрсетілетін қызметті алушылар мен су пайдаланушылар АӨК СМАЖ-да өз бетінше тіркелу үшін ЭЦҚ қолданады.

Көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын уәкілеттік органға ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектендірілген тізімін жолдайды.

16. "Жеке кабинетте" тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушылар және су пайдаланушылар мыналарды көрсетеді:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар үшін – бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы);

4) субсидия алу үшін су пайдаланушының екінші деңгейдегі банктегі банктік шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде көрсетілетін қызметті алушылар немесе су пайдаланушылар 2 (екі) жұмыс күні ішінде "жеке кабинетте" деректерін өзгертеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қалыптастыру және тіркеу АӨК СМАЖ-дағы "жеке кабинетінде" мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қағидалардың 10-тармағының талаптарына сәйкес АӨК СМАЖ тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтініш қалыптастырылады;

2) өтініш көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сын қою арқылы АӨК СМАЖ-да тіркеледі және көрсетілетін қызметті берушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Веб-порталда көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің электрондық мекенжайына өтініштің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**18-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері веб-порталда көрсетілетін қызметті алушының өтінімі тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде веб-порталда қалыптастырылған тиісті хабарламаға ЭЦҚ пайдалана отырып, қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Бұл хабарлама көрсетілетін қызметті алушының және су пайдаланушының "жеке кабинетінде" қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініштер келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша қаралады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тарауды 18-1-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**19-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті беруші растағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде АӨК СМАЖ веб-порталында "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге төленетін шоттарды қалыптастырады және көрсетілетін қызметті алушының және су пайдаланушының АӨК СМАЖ-дағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия беру туралы хабарлама жолдайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**20-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдауды көрсетілетін қызметті беруші хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы тыңдауға ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия беру туралы хабарламаны не Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды рәсімдейді және оның көрсетілетін қызметті алушының және су пайдаланушының СМАЖ-ғы "жеке кабинетіне" жіберілуін қамтамасыз етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**21-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Уәкілетті орган Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, көрсетілетін қызметті берушіге және бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық акті әділет органдарында тіркелген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жібереді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы олар басталған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге осындай мән-жайлар туралы хабарлайды. Көрсетілетін қызметті алушы АӨК СМАЖ-да еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталу фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың құжатын (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген ауа райы жағдайлары туралы анықтаманы және (немесе) жергілікті атқарушы органның су объектісінің сарқылуы туралы шешімін және (немесе) жергілікті атқарушы органның карантин немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы және (немесе) ветеринария саласындағы уәкілетті орган берген балық ауруын анықтау туралы сараптама актісі (сынақ хаттамасы)) орналастырады.

Алдыңғы екі (2) жыл қатарынан еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындағанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының қарсы міндеттемелері орындалмаған болып есептеледі және субсидиялар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджетке қайтарылуға тиіс.

23. Аквашаруашылық субъектілері, сондай-ақ аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъектілер өздерінің қарсы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олардың аквашаруашылықты субсидиялау шеңберінде алған ақшалары уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес қарсы міндеттемелердің орындалу деңгейін және

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, қайтарылуға тиіс.

Аквашаруашылық субъектілері, аквашаруашылықты дамытуды қамтамасыз ететін субъектілер өз қызметін тоқтатқан жағдайда субсидия алған күннен бастап бес жыл ішінде, аквашаруашылықты субсидиялау шеңберінде алған қаражаттарын толық немесе ішінара қайтаруға міндетті.

Қарсы міндеттемелердің қол жеткізілген орындалу деңгейін есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$A = B \times (1 - (B/60)),$$

мұндағы:

А – субсидияларды қайтару сомасы;

Б – берілген субсидиялар сомасы;

В – жұмыс істеген айлар саны.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Көрсетілетін қызметті беруші АӨК СМАЖ арқылы аквашаруашылық саласындағы қарсы міндеттемелерге қол жеткізу мониторингін жүргізеді. Субсидиялау объектісінің әрекет етуі/әрекетсіздігі мәніне мониторинг субсидия берілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы жылына 2 (екі) реттен асырмай жүзеге асырылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Мониторинг шарттарын орындау үшін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан АӨК СМАЖ -дан қажетті ақпаратты сұратады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сұралатын ақпараттың тізбесін сұратуы туралы хабарламаны "жеке кабинетке" және көрсетілетін қызметті алушы АӨК СМАЖ-ға тіркеу кезінде көрсеткен электрондық почта мекенжайына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты АӨК СМАЖ-ға орналастыру жолымен ұсынады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

26-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Көрсетілетін қызметті алушының қарсы міндеттемелерді орындау деңгейі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес АӨК СМАЖ-дағы Жеке кабинетте 20 қаңтардан бастап және ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзімде толтырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**27-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Қарсы міндеттемелердің орындалу пайызы АӨК СМАЖ қарсы міндеттемелерде көзделген жоспарлы көрсеткіштерге шаққандағы іс жүзінде орындалған көрсеткіштердің арақатынасы ретінде пайызбен есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

Бұл ретте:

1) нақты орындалу көрсетілетін қызметті алушы ұсынған және құжаттармен расталған деректердің, сондай-ақ АӨК СМАЖ-да қамтылған мәліметтердің негізінде айқындалады;

2) жоспарлы міндеттеме көрсетілетін қызметті алушының субсидия алу үшін АӨК СМАЖ арқылы өтініш берген кезінде қалыптастырылады;

3) 100 пайыз көрсеткіші қарсы міндеттемелердің толық орындалуын білдіреді;

4) 100 пайыздан төмен көрсеткіш қарсы міндеттемелердің ішінара орындалуын білдіреді;

5) 0 пайыз көрсеткіші қарсы міндеттемелердің орындалмағанын білдіреді.

Орындалу пайызын есептеуді көрсетілетін қызметті беруші АӨК СМАЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған деректер мен жүйеде қамтылған ақпараттың негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

28. Көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аквашаруашылық саласындағы су беру бойынша қызметтерге субсидияларды пайдалану туралы есепті тиісті қаржы жылы үшін 31 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынады.

**4-параграф. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

29. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында белгіленген тәртіппен беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермеуге құқылы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**30-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау бойынша уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**31-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау бойынша уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабардар етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**32-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.  
05.06.2026 № 224 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аквашаруашылық саласында су  
беру бойынша қызметтердің  
құнын субсидиялау  
қағидаларына  
1-қосымша

**"Аквашаруашылық саласында су беру бойынша қызметтердің құнын субсидиялау  
қағидалары" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

|   |                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы                                                                                                                                       | Аквашаруашылық саласында су беру бойынша қызметтердің құнын субсидиялау                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 2 | Көрсетілетін қызметті беруші                                                                                                                                                   | Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.                                                                                                                                                                     |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері                                                                                                                              | Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру ақпараттандыру объектісі – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АӨК СМАЖ), электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі                                                                                                                                           | 7 (жеті) жұмыс күні                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны                                                                                                                                            | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі                                                                                                                                          | Субсидия беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.                                                                                                                                                                            |
| 7 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

|   |                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі                                       | <p>1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.</p>  |
| 9 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | <p>"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес аквашаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекітетін аквашаруашылық саласындағы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтініш.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көрсетілетін қызметті алушылар мен су пайдаланушылардың АӨК СМАЖ-да дербес шоттың болуы туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларда тиісті алаңның жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінің болуы туралы</p> |

